



Б.С. Жиёмбай* , Г.Т. Жиёмбаева 
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: *zhiembai_bibigul@mail.ru, zgulbakram@mail.ru)

Армян жазулы ескерткіш мәтіндерінің ғылыми құндылығы

Аңдатпа. Кез келген мемлекеттің дамуында тіл маңызды орын алады, өйткені тіл – ойлаумен, халықтың тарихымен, мәдениетімен, дүниетанымымен тікелей байланыста дамиды. Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін пайымдап, орта ғасыр мұраларын тілдік ерекшеліктерге қарай жіктегенде, түркі жазба ескерткіштерінің әр кезеңде түрлі әліпбимен, мәселен, руника, ұйғыр, манихей, брахми, араб, латын, армян, шағатай, кириллицаны қолдану арқылы жазылғанын байқаймыз. Армян жазуын қолдану негізінде де орта ғасырда түркі халықтарының, оның ішінде қыпшақтардың мұрасы әр алуан жанрда жазылып, жазба ескерткіш ретінде біздің дәуірімізге жеткені анықталып отыр. Қазақстанның дәл бүгінгі қоғамдық өмірінде армян жазулы түркі жазба ескерткіштерін зерттеу қажеттілігі айрықша сезіледі.

Қазақ тілінің, қазақ ұлтының бастауларын көне түрк кезеңінде қалыптасып, орта түркі заманында дәуірлеген қыпшақтар қауымдастығынан іздейміз. Орта ғасырда Орталық Еуропадан Солтүстік Қытайға дейінгі территорияны иелік еткен қыпшақтар қауымдастығы, олардың тарихы, тілі, мәдениеті туралы жазылған тарихи-лингвистикалық еңбектер бүгінгі ғылымда қыпшақтану саласының өзекті екенін көрсетті. Бұл сала далалық көшпелі өркениеттің қыпшақтық тарихын, ділін, тілін, этнографиясын, мәдениетін, т.б. қырларын тұтас зерттеуді көздейді, қыпшақ тектес этностардың арғы тегін, түп тамырын бүгінгі қалпымен салыстырып, тарихи жалғастық ізін көрсетуді мақсат етеді. Мақалада неміс ғалымы Адальберт Меркс (Adalbert Merx) тарапынан 1893 жылы жазылған әрі Bayerische Staats Bibliothek Muenchen кітапханасында сақталған «Türkische Sprichwörter» (Түркі мақал-мәтелдері) еңбегі зерттеу нысанына алынып, ескерткіш тіліндегі мақал-мәтелдер армян графикасынан тікелей оқылады, тақырып өзектілігі мен ғылыми құндылығы баяндалады.

Түйін сөздер: ғылым, мұра, орта ғасыр, жазба ескерткіштер, мәтін, армян графикасы, мақал-мәтелдер.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-148-3-60-68>

Түсті: 10.08.2024; Жөнделді: 13.09.2024; Мақұлданды: 20.09.2024; Онлайн қолжетімді: 28.09.2024

Кіріспе

Армян жазуымен жарияланған жазба мұралардың бірі – Еуропа кітапханалар қорынан табылған, нақты айтқанда Bayerische Staats Bibliothek Muenchen кітапханасында сақталған, немістің шығыстанушы ғалымы Адальберт Меркс (Adalbert Merx) тарапынан 1893 жылы жазылған «Türkische Sprichwörter» (Түркі мақал-мәтелдері) еңбегі. Еңбекте ғалым армян жазулы 355 мақал-мәтелді түпнұсқадан оқып, неміс тіліне тәржімалаған және еңбек аталған жылы Әулие Лазарь аралындағы Армян діни қызметкерлері конгресінің баспаханасынан басылып шыққан [1].

Ғылымда А. Меркс оқыған армян жазулы қолжазбаның түпнұсқасы қайда сақталғаны, авторы, жазылған жылы беймәлім. Дегенмен, неміс ғалымы бұл еңбекті түпнұсқадан оқып, аударып шыққанымен де, кейбір бөлімдерін дұрыс оқи алмағанын, бұған көне армян әліпбиіндегі кей әріптердің болмауы салдарынан, орнына басқа әріптер қолданып оқу мәтіннің дұрыс оқылуына кедергі келтіргенін атап өткен. Назар аударарлығы, неміс ғалымы армян әліпбиін қолданушылардың өзге ұлт екеніне тоқталған.

Әдіснама

Зерттеу мақсаты көне армян графикасымен берілген деректерді түпнұсқадан оқу және еңбектің заманауи ғылыми құндылығы мен өзектілігін арттыруға негізделген. Ғылыми мақаланы орындау барысында А. Меркстің (Adalbert Merx) «Türkische Sprichwörter» (Түркі мақал-мәтелдері) еңбегінің электронды нұсқасы басшылыққа алынды (Bayerische Staats Bibliothek Muenchen кітапханасында сақталған). Армян жазулы мәтіндердің кейбірі транскрипцияланып, қазақ тіліндегі баламасы ұсынылды. Сондай-ақ тарихи-салыстырмалы зерттеу, жинақтау, сипаттау, топтау, жүйелеу, семантикалық талдау әдіс-тәсілдері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

Неміс ғалымы А. Меркстың «Türkische Sprichwörter» (Түркі мақал-мәтелдері) еңбегі араға біраз жыл салып түрік ғалымдарының қызығушылығын тудырды. Атап айтқанда, Z. Kaumaz [2], E. Altınkaynak [3], K. Pamukçayan [4], M. Kutalmış [5], H.K. Çengel [6], N. Chirli [7], M. Salan [8], İ.E. Özkan [9], E. Akbulut [10], тағы да басқа түрік ғалымдары өз зерттеулеріне армян жазулы түркі жазба ескерткіштері мәселелерін арқау етті.

Түрік зерттеуші ғалымы Z. Kaumaz (Зеки Каймаз) 2013 жылы еңбек туралы «Ermeni harflı bir türkçe atasözleri kitabı» тақырыбында арнайы мақала жазып, немісше-түрікше аударманы ұсынды әрі мақаланың түрік тілі үшін маңызына тоқталып, деректеме материалдың өзектілігіне назар аударды. Сондай-ақ мақал-мәтелдердің дыбысталуындағы фонетикалық варианттарды талдап көрсетті. Мақала соңында автор орта ғасырда Түркияның Адана, Анкара, Антеп, Кайсери, Кутахия аймақтарында тұратын армяндардың түріктермен етене араласып, өз сөздерінде түрік мақал-мәтелдерін қолданып сөйлегендерін және олардың көбісінің армян емес, *түрік тілінде* сөйлегенін жазды [2].

E. Altınkaynak (Ердоған Алтынкайнак) «Ermeni alfabeti ile yazılı Gregoryen atasözleri kitabı» тақырыбындағы мақаласында «григорян қыпшақтары қазіргі Украинаның Каманецк-Подольск өңірінде тұрып, армян әліпбиін қолданып өз тілінде еңбек жазса, А. Меркс осы туынды негізінде неміс тілінде мақал-мәтелдер кітапшасын құрастырды» деп атап көрсетті [3].

Зерттеуші ғалым G. Karaağaç көрсетуінше, «көне дәуірде белгілі бір аймақта аралас-құралас өмір сүріп, бір дінге табынған қыпшақтар мен армяндар арасында өзара сөз алмасу болған-мыс, нәтижесінде қыпшақтар V ғасырдың өзінде армяндар жасаған әліпбиді өз жазбаларында қолдана бастаған», ал «армяндар біраз уақыт қыпшақ түрік тілін ресми тіл ретінде қабылдаған» [11].

XIX ғасырда түрік тілін шет тілі ретінде оқыту негізге алынып, Еуропа мен Ыстамбұлда шетелдіктер тарапынан грамматикаға қатысты көптеген кітаптар шығарылғаны белгілі. Жарияланған кітаптар негізінен ағылшын және француз тілдері секілді мақсатты аудитория тіліне негізделген латын әріптерімен басылды. Дегенмен, 1893 жылы алғашқы басылымы шыққан «Türkische Sprichwörter» (Түркі мақал-мәтелдері) еңбегінің бұл кітаптардан айырмашылығы бар деп есептейміз.

Әлемдік түркітануда армян графикасын қолдану арқылы жазылған түркі жазба ескерткіштерін Ж.Дени [12], Э.Шютц [13], А.Е.Крымский [14], Э.Трыарский [15], Т.И.Грунин [16], Я.Дашкевич [17], И.Вашари [18], О.Прицак [19], Г.Алишан [20], М.Левицкий [21], И.А.Абдуллин [22], А.В.Сафарян [23], Ғ.Айдаров [24], А.Н.Гаркавец [25], С.Құдасов [26], т.б. ғалымдар жан-жақты зерттеді. Нәтижесінде армян графикасын қолдану арқылы жазылған

112 түркі (қыпшақ) жазба ескерткіші анықталды. Қазіргі уақытта бұл ескерткіштердің сақталған орнын (жазба ескерткіш атауымен) былайша көрсете аламыз:

Киев (Украина) – Каменең-Подольск армян сот істерінің акт кітаптары, Андрей Торосовичтың «Философ тасының құпиясы» шығармасы;

Львов (Украина) – 1 армян-қыпшақ сөздігі және 26 жеке құжаттар;

Ереван (Армения) – 3 христиандық және филологиялық мазмұндағы қыпшақ ескерткіштері және 6 қыпшақ тіліндегі армян жазбалары;

Санкт-Петербург (Ресей) – армян-қыпшақ сөздігі, Псалтырь;

Вена (Австрия) – 3 армян-қыпшақ сөздігі және 13 христиандық және сот ісі мазмұнындағы қолжазбалар – Төре бітігі, акт кітаптары, Псалтырьлар, дұғалық кітаптар, 3 пірәдір Антонның өсиет кітаптары;

Венеция (Италия) Венеция 10 қолжазба – Псалтырьлар, дұғалық кітапшалар, акт кітаптары, жылнамалар;

Краков, Варшава, Броцлав (Польша) – Псалтырь, дұғалық кітап, күнтізбе, 1528-1604 жылдардағы Сот ісі кітабын қоса есептегенде 11 қолжазба;

Париж (Франция) – 4 қолжазба – Псалтырь, күнтізбе, Төре бітігі және «Дана Хикар туралы аңыз» бен жылнамалардан тұратын жинақ;



Герла (Румыния) – Арменополис, Шамошувар – Румыния – Псалтырь;

Лейден (Нидерланды) – 1 дұға кітабы. Зерттеуші ғалымдардың еңбектерінің басым бағыты дәл осы ескерткіштерді анықтаумен, түгендеумен, сондай-ақ армян графикасын қолданған ұлттың тарихы, діні, тілі (зерттеулер аз) мәселелеріне бағытталды.

Армян жазулы қыпшақ мұралардың басты ерекшелігі – сырт пішіні жағынан армян графикасының қолданылуы, ал ішкі мән-мазмұнның түркі тілдерінде (қыпшақ, түрік) болуында. Көне армян жазуымен жазылған жазба ескерткіштер армян жазуының батыс нұсқасын пайдалану арқылы жазылған (шығыс нұсқасынан дауыссыз дыбыстардың белгіленуі ерекшелейді) [27]. Қолданыста жүрген армян әдеби тілінің негізі армян графикасының шығыс нұсқасынан тұрса, табылған жазба мұралардың мәтіндік негізде ғылыми зерттелуінің, транскрипциялануының кешеуілдеуі осы себептен болуы ықтимал. Атап айтқанда, графика нұсқаларындағы айырмашылық – *бен, гим, да, кен, пё, тюн* дауыссыздарының және *ца, дза, чё, джё* африкаттарының дыбысталуы мен оқылуында. Армян жазулы жазба ескерткіштер тіліндегі сөздердің дені – түркі тілдеріне ортақ сөздер: ескі, орта және жаңа түркі дәуірінің тіл фактілеріне қарап, бұған көз жеткізуге болады.

А. Меркстың «*Türkische Sprichwörter*» (Түркі мақал-мәтелдері) еңбегінде 355 мақал келтірілген. Мақалды оқу үшін 1-суретте көрсетілген армян графикасы қолданылды, ескерткіш тіліндегі мақал-мәтелдер армян графикасында, неміс, қазақ тілдеріндегі баламаларымен ұсынылды.

1-сурет. А.Меркстың «Türkische Sprichwörter» (Түркі мақал-мәтелдері) еңбегі



ALPHABET

FORM	NAME
Ա	aip
Բ	pen
Գ	kim
Դ	ta
Ե	yetsch
Ջ	sa
Է	e
Ը	yet
Թ	to
Ժ	j (franz.)
Ի	i
Լ	liun
Խ	ché
Ս	dza
Կ	gen
Հ	ho
Ջ	tza
Ղ	ghad
Ճ	g (ital.)

Տիլին՝ քեմիցի կոզ , սէջլէր [Dilin kemigi yok, soyler]
 Тілінің кемізі (кемістігі) жоқ сөйлер (қазақ тіліндегі баламасы)
 Die Zunge hat keinen Knochen, sie spricht (Adalbert Merx)

*Циһи һиҙини инҗһи` җиҙини инҗһи [Akıl yasında deyil başda dır]
Ақыл жаста емес, баста (қазақ тіліндегі баламасы)
Verstand kommt nicht mit Jahren, er sitzt im Kopf (Adalbert Merx)*

*оһи җиҙи җиҙиһи , инҗһиһи җиҙиһи [Dost basa bakar, dusman ayaǵa]
Дос басқа қарайды, дұшпан аяққа қарайды немесе Дос басқа, дұшпан аяққа қарар (қазақ тіліндегі баламасы)
Der Freund blickt auf den Kopf, der Feind auf den Fuss (Adalbert Merx)*

*Ғиһиғ җиҙиһиһи ғоғиғ [Balık başdan kokar]
Балық басынан шіриді (қазақ тіліндегі баламасы)
Der Fisch stinkt zuerst am Kopfe (Adalbert Merx)*

*Уҗһиһиһи` иҗоғ оғиғ , җһиһиһиһиһи инҗһиһи оғиғ [Soylesen söz olur, soylemesen derd olur]
Сөйлесең сөз өлер, сөйлемесең дерт өлер немесе Сөйлемесе сөз атасы өлер (қазақ тіліндегі баламасы)
Redest du, so gibt es Streit, redest du nicht, so drückt es dich (Adalbert Merx)*

*Ғһиһиһи Ғһиһиһи . ` оһи җһиһиһиһи [Her ne ekersen onu bisersin]
Не ексең, соны орасың (қазақ тіліндегі баламасы)
Alles was du säest, das erntest du (Adalbert Merx)*

*Өоғ` иһи һиһиһиһиһи һиһи иһиһи [Tok asın halinden ne agnar]
Тоқ аштың хәлінен не ұғар немесе Тоқ бала аш баламен ойнамайды (қазақ тіліндегі баламасы)
Was weiss der Satte von des Hungrigen Gefühl? (Adalbert Merx)*

*Цғһиғиғ иһиһиһиһи һиһи` иғһиғиғ иһиһиһиһи һиһи иһиһи [Akılsız dostdan ise akıllı dusman eyidir]
Ақылсыз достан ақылды дұшпан артық (қазақ тіліндегі баламасы)
Ein kluger Feind ist besser als ein dummer Freund (Adalbert Merx)*

Қорытынды

А. Меркстың «Türkische Sprichwörter» еңбегі өз дәуірінің ақпаратын сақтап қалған бірден-бір тілдік дереккөз саналады. Ескерткіш тілінен оқылған мақал-мәтелдердің дені түркі халықтарындағы, оның ішінде қазақ халқының мақал-мәтелдерімен сарындас, үндес екені байқалады: құрылымы мен мәдени мазмұнның ортақтығы айқын көрініс тапқан. Орта ғасырда өмір сүрген түркі халықтары мен қазіргі түркі халықтарының өмірлік ұстанымдарының, рухани құндылықтарға бағытталған көзқарастарының ортақтығын мақал-мәтелдерден аңғаруға болады, бұл – жалпытүркілік дүниетаным сабақтастығының көрінісі. Түркі жазба мұралары тіліндегі және қазіргі қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің құрылымы мен этномәдени мазмұнындағы идея ортақтығы, паремиялық мағынаны тиянақтайтын доминант сөздердің тұлғасы мен семантикасындағы, олардың қолданысындағы ортақтықтар мен сәйкестіктер жалпытүркілік тілдік сананың беріктігін және түркі паремиологиясының даму барысындағы жүйелілікті айқындайды.

Мақал-мәтелдерді түпнұсқадан оқи отырып, түркілік қабатты зерделеуге болады әрі бұл мақал-мәтелдер түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының мақал-мәтелдерімен салыстырмалы-салғастырмалы талдау жасауды әлі де қажет ететіні анық.

Мүдделер қақтығысы

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала AP13068438 «Армян-қышшақ ескерткіштері тіліндегі әмбебаптық пен ерекшелік» ғылыми жобасы аясында дайындалды.

Авторлардың қосқан үлесі

Ғылыми мақала авторлық құрамның дайындауы негізінде журналға ұсынылды:

Жиембай Б.С. – мақаланың тұжырымдамасына, армян графикасынан мақалдарды оқып, қазақ тіліндегі баламаларын табуға, сондай-ақ шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін зерделеуге, мақаланың рәсімделуіне өз үлесін қосты;

Жиембаева Г.Т. – түрік ғалымдарының мақалалары мен еңбектерін қарастырып, пайдалы деректер жинақтауға ат салысты.

Әдебиеттер тізімі

1. Merx Türkische Sprichwörter ins Deutsche Übersetzt. – Venedig: Armenische Druckerei Auf Der St Lazarus Insel, 1893. – 82 p.
2. Z.Kaymaz Ermeni harfli türkçe atasözleri kitabı // Türk Dünyası İncelemeleri Dergisi / Journal of Turkish World Studies, XIII/1, 2013. – S. 173-212
3. Altınkaynak E. Ermeni Alfabeti ile Yazılı Gregoryen Atasözleri Kitabı. – Karadeniz Uluslararası Bilimsel Dergi, 2011. – №10. – S. 149-156.
4. Pamukçiyen K., Ermeni Harfli Türkçe Metinler. – İstanbul: Aras Yayıncılık, 2002. – 256 s.
5. Kutalmış M. On the Armeno Kıpçak. – Karadeniz Araştırmaları, 2004. – №2. – S.35-40.
6. Çengel H.K. Ermeni Harfli Kıpçak Türkçesi. – Dil Araştırmaları, 2012. – №10. – S.17-81.
7. Chirli N. Bir Ermeni Kıpçakçası Metni: Algış Bitigi (Durum Ekleri İncelemesi, Metin, Dizin). – Türklük Araştırmaları Dergisi, 2005. – S. 313-317.
8. Salan M. Atamızın duası'nın ermeni kıpçakçası bir versionu. – Avrasya Uluslararası Araştırmalar Dergisi, 2017. – №12. – S. 83-90.
9. Özkan İ.E. Ermeni-Kıpçak Kültür Etkileşimi ve Bununla Birlikte Oluşan Ermeni Harfli Kıpçak Türkçesi. – Karadeniz Uluslararası Bilimsel Dergi, 2021. – №1 (51). – S. 116-132.
10. Akbulut E. Töre Bitigi (inceleme, metin). – Fırat Üniversitesi. Sosyal Bilimler Enstitüsü. Elazığs, 2017. – 149 s.
11. Karaçaç G. Türk-Ermeni Dil İlişkileri // Yeni Türkiye, Ermeni Sorunu Özel Sayısı II (38). – S. 967-973.
12. Deny J., Tryjarski E. «Histoire du sage Hikar» dans la version arménokiptchak // Rocznik Orientalistyczny. – 1964. – T. 27, №2. – P. 7-61.
13. Schuts E. An Armeno-Kipchak Print from Lvov // Acta Orientalia Hungarica. – 1961. – T. 13. – P. 123-130.
14. Кримський А.Ю. Твори в п'яти томах. – Київ: Наукова думка, 1974. – Т. 4. – 640 с.
15. Tryjarski E. Der zweite Brief des Paulus an die Korinther in armeno-kiptschakischer Version und seine Sprache // Im Buch: Altaica Collecta. – Wiesbaden, 1976. – P. 267-279.
16. Грунин Т.И. Документы на половецком языке XVI в. – М.: Наука, 1967. – 254 с.
17. Дашкевич Я., Слушкевич Э. Два армянских документа XVII в. из львовских коллекций // Rocznik orientalistyczny. – 1972. – T. 35, №1. – С. 77-110.
18. Vásáry S. Armeno-Kipchak Parts from the Kamenets Chronicle // Acta Orientalia Hungarica. – 1969. – T. 22, fasc 2. – P. 139-189.
19. Pritsak O. DasKiptschakische // Im Buch: Philologiae Turcicae Fundamenta. – Wiesbaden, 1959. – T. 1. – S. 74-87.
20. Алишан Г. История армян Польши и Румынии с приложением первоисточников. – Венеция, 1896. – 228 с.
21. Lewicki M., Kohnowa R. La version turque-kiptchak du “Code des lois des Arméniens polonais” d’après le ms: 1916 de la bibliothèque Ossolineum // Rocznik Orientalistyczny. – 1957. – T. 21. – P. 153-300.
22. Абдуллин И.А. «Памятная записка» Агопа на армяно-кыпчакском языке (1620) // Советская тюркология. – 1971. – №3. – С. 118-129.
23. Сафарян А.В., Саргсян А. Об изучении армянографических тюркоязычных литературных памятников // Азия и Африка: Наследие и современность: матер. 29-го междунар. конгресса по

историковедению и историографии стран Азии и Африки. – СПб: Издательство Студия НП Принт, 2017. – С. 295-296.

24. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп, 1971. – 277 б.

25. Гаркавец А.Н. Кыпчакское письменное наследие. – Алматы: Дешт-и-Кыпчак, 2002. – Т. 1. – 1084 с.

26. Құдасов С. Армян жазулы қыпшақ ескерткіші «Дана Хикар» сөзінің тілі: оқу құралы. – Алматы: Ғылым, 1990. – 120 б.

27. Гаркавец А.Н. Кыпчакские языки: куманский и армянокыпчакский. – Алматы: Наука, 1987. – 224 с.

Б.С. Жиёмбай, Г.Т. Жиёмбаева

Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научная ценность текстов армянографичных памятников

Аннотация. Язык занимает важное место в развитии любого государства, так как язык развивается в прямом контакте с мышлением, историей, культурой, мировоззрением народа. Оценивая труды зарубежных и отечественных ученых и классифицируя наследие средневековья по языковым особенностям, можно заметить, что тюркские письменные памятники в разные периоды написанные разными алфавитами, например, с использованием рунического, уйгурского, манихейского, брахма, арабского, латинского, армянского, чагатайского, кириллицы. На основе использования армянской графики также установлено, что в средние века наследие тюркских народов, в том числе кыпчаков, было написано в самых разных жанрах и дошло до наших дней как письменный памятник. В современной общественной жизни Казахстана особенно остро ощущается необходимость изучения памятников армянской письменности кыпчак.

Истоки казахского языка и казахской нации мы ищем в кыпчакской конфедерации, сформировавшейся в древнетюркскую эпоху и расцветшей в среднетюркский период. Историко-лингвистические работы, написанные об истории, языке и культуре кыпчакской конфедерации, занимавшей в средние века территорию от Центральной Европы до Северного Китая, показывают, что тема кыпчаковедения актуальна в современной науке. Эта область предполагает целостное изучение кыпчакской истории, менталитета, языка, этнографии, культуры и т.д. степной кочевой цивилизации, противопоставляя происхождение и корни этносов кыпчакского происхождения с их нынешним состоянием, а также показать следы исторической преемственности. В статье рассматривается работа немецкого ученого Адальберта Меркса (Adalbert Merx) «Türkische Sprichwörter» (тюркские пословицы и поговорки), написанная в 1893 году и хранящаяся в библиотеке Bayerische Staats Bibliothek Muenchen, где пословицы и поговорки на памятном языке читаются непосредственно из армянской графики, раскрывается актуальность и научная ценность темы.

Ключевые слова: наука, наследие, средневековье, письменные памятники, текст, армянская графика, пословицы и поговорки.

B.S. Zhiyembay, G.T. Zhiyembayeva

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

The scientific value of the texts of armenographic monuments

Abstract. Language occupies an important place in the development of any state, since language develops in direct contact with the thinking, history, culture, and worldview of the people. Assessing the works of foreign and domestic scientists and classifying the heritage of the Middle Ages by linguistic features, one can notice that Turkic written monuments in different periods were written in

different alphabets, for example, using runic, Uighur, Manichaeian, Brahma, Arabic, Latin, Armenian, Chagatai, and Cyrillic. Based on the use of Armenian graphics, it was also established that in the Middle Ages, the heritage of the Turkic peoples, including the Kipchaks, was written in a variety of genres and has reached our days as a written monument. In the modern public life of Kazakhstan, the need to study the monuments of the Armenian Kipchak script is especially acute.

We seek the origins of the Kazakh language and the Kazakh nation in the Qypchak community, which was formed in the ancient Turkic period and flourished in the Middle Turkic period. Historical and linguistic works written about the history, language and culture of the Qypchak community, which in the Middle Ages occupied the territory from Central Europe to Northern China, show that the subject of the Qypchak is relevant in modern science. This direction aims at a comprehensive study of the history, language, ethnography, culture and other aspects of the nomadic steppe civilization, comparing the origins and roots of the Qypchak ethnic groups with their present state and revealing traces of historical continuity. The article examines the work of the German scholar Adalbert Merx "Türkische Sprichwörter" (Turkic proverbs and sayings), written in 1893 and stored in the library of the Bayerische Staats Bibliothek Muenchen, where proverbs and sayings in the memorable language are read directly from the Armenian graphics, revealing the relevance and scientific value of the topic.

Keywords: science, heritage, Middle Ages, written monuments, text, Armenian graphics, proverbs and sayings.

References

1. Merx A. Türkische Sprichwörter ins Deutsche Übersetzt (Venedig, Armenische Druckerei Auf Der St Lazarus Insel, 1893, 82 p.) [in German]
2. Z.Kaymaz Ermeni harfli türkçe atasözleri kitabı, Türk Dünyası İncelemeleri Dergisi, Journal of Turkish World Studies, XIII/1, p. 173-212 (2013) [in Turkish]
3. Altınkaynak E. Ermeni Alfabeti ile Yazılı Gregoryen Atasözleri Kitabı, Karadeniz Uluslararası Bilimsel Dergi, №10, p. 149-156 (2011) [in Turkish]
4. Pamukçıyan K., Ermeni Harfli Türkçe Metinler (İstanbul, Aras Yayıncılık, 2002, 256 p.) [in Turkish]
5. Kutalmış M. On the Armeno Kıpçak, Karadeniz Araştırmaları, №2, p.35-40 (2004) [in Turkish]
6. Çengel H.K. Ermeni Harfli Kıpçak Türkçesi, Dil Araştırmaları №10, p.17-81 (2012) [in Turkish]
7. Chirli N. Bir Ermeni Kıpçakçası Metni: Algış Bitigi (Durum Ekleri İncelemesi, Metin, Dizin), Türklük Araştırmaları Dergisi, p. 313-317 (2005) [in Turkish]
8. Salan M. Atamızın duası'nın ermeni kıpçakçası bir versiyonu. – Avrasya Uluslararası Araştırmalar Dergisi, №12, p. 83-90 (2017) [in Turkish]
9. Özkan İ.E. Ermeni-Kıpçak Kültür Etkileşimi ve Bununla Birlikte Oluşan Ermeni Harfli Kıpçak Türkçesi (Karadeniz Uluslararası Bilimsel Dergi, №1(51), p. 116-132 (2021) [in Turkish]
10. Akbulut E. Töre Bitigi (inceleme, metin) (Fırat Üniversitesi. Sosyal Bilimler Enstitüsü. Elazığs, 2017, 149 p.) [in Turkish]
11. Karaçaç G. Türk-Ermeni Dil İlişkileri // Yeni Türkiye, Ermeni Sorunu Özel Sayısı, (II) (38), p. 967-973 [in Turkish]
12. Deny J., Tryiarski E. «Histoire du sage Hikar» dans la version arménokiptchak, Rocznik Orientalistyczny, T. 27, №2, p. 7-61 (1964) [in Polish]
13. Schuts E. An Armeno-Kipchak Print from Lvov, Acta Orientalia Hungarica, T. 13, p. 123-130 (1961)
14. Кримський А.Ю. Твори в п'яти томах (Кіив, Наукова думка, 1974, Т. 4, 640 p.) [in Ukrainian]
15. Tryiarski E. Der zweite Brief des Paulus an die Korinther in armeno-kiptschakischer Version und seine Sprache // Im Buch: Altaica Collecta, Wiesbaden, P. 267-279 (1976) [in German]
16. Grunin T.I. Dokumenty na poloveckom iazyke XVI [Documents in the Polovtsian language of the 16th century] (Moscow, Nauka, 1967, 254 p.) [in Russian]

17. Dashkevich Ya., Slushkevich E. Dva armianskih dokumenta XVII v. iz Lvovskih kollektsii [Two Armenian documents of the 17th century. from Lviv collections], Rocznik orientalistyczny, T.35, №1, p. 77-110 (1972) [in Russian]
18. Vásáry S. Armeno-Kipchak Parts from the Kamenets Chronicle (Acta Orientalia Hungarica, T. 22, fasc 2, P. 139-189 (1969) [in English]
19. Pritsak O. Das Kiptschakische // Im Buch: Philologiae Turcicae Fundamenta (Wiesbaden, 1959, T.1, P. 74-87) [in German]
20. Alishan G. Istorija armian Polshi i Rumynii s prilozheniem pervoistochnikov. [History of the Armenians of Poland and Romania with the addition of primary sources] (Venice, 1896, 228 p.) [in Russian]
21. Lewicki M., Kohnowa R. La version turque-kiptchak du "Code des lois des Armenians polonais" d'après le ms: 1916 de la bibliothèque Ossolineum, Rocznik Orientalistyczny, T. 21, P. 153-300 (1957) [in French]
22. Abdullin I.A. «Pamiatnaia zapiska» Agopa na armiano-kypchakskom iazyke [“Memoir” of Agop in the Armenian-Kypchak language], Sovetskaja tjurkologija [Soviet Turkology], №3, P. 118-129 (1971) [in Russian]
23. Safaryan A.V., Sargsyan A. Ob izuchenii armianograficheskikh turkoiazychnykh literaturnykh pamiatnikov [On the study of armenographic turkic literary monuments] // Azija i Afrika: Nasledie i sovremennost: mater. 29-go mezhdunar. kongressa po istorikovedeniu i istoriografii stran Azii i Afriki [Asia and Africa: Heritage and Modernity: Proc. of the 29th International Congress on Historical Studies and Historiography of Asian and African Countries] (Publishing house Studio NP Print, St. Petersburg, 2017, P. 295-296) [in Russian]
24. Aidarov G., Kuryshzhanov A., Tomanov M. Kone turki zhazba eskertkisherinin tili [The language of ancient Turkic written monuments] (Almaty, Mektep, 1971, 277 p.)
25. Garkavets A.N. Kypchakskoe pismennoe nasledie [Kypchak written heritage] (Almaty, Desht-i-Kipchak, 2002, T. 1, 1084 p.) [in Russian]
26. Kudasov S. Armyan zhazuly kypshak eskertkishi «Dana Hikar» sozinin tili: oku kuraly [Kypchak monument with Armenian inscription Language of the word “Dana Hikar”: a study guide] (Almaty, Gylым, 1990, 120 p.) [in Kazakh]
27. Garkavets A.N. Kypchakskie iazyki: kumanskii i armianokypchakski [Kypchak languages: Kuman and Armenian Kypchak] (Almaty, Nauka, 1987, 224 p.) [in Russian]

Авторлар туралы мәлімет:

Жиёмбай Б.С. – PhD, аға оқытушы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. ORCID: 0000-0003-3596-8831.

Жиёмбаева Г.Т. – PhD, доцент м.а., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. ORCID: 0000-0002-9504-9629.

Жиёмбай Б.С. – PhD, старший преподаватель, Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан. ORCID: 0000-0003-3596-8831.

Жиёмбаева Г.Т. – PhD, и.о.доцента, Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан. ORCID: 0000-0002-9504-9629.

Zhiyembay B.S. – PhD, Senior Lecturer, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. ORCID: 0000-0003-3596-8831.

Zhiyembayeva G.T. – PhD, Associate Professor, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. ORCID: 0000-0002-9504-9629.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).